

Ұлы Отан Соғысына қатысқан, оқытушылардың, қызметкерлердің, колледж түлектерінің марапаттары

2018 жылы 29-шы қаңтар.

Семей қаласы Ұлы Отан соғысы жылдары ірі мобилизациялық орталық болып саналғандығы мәлім. Бұл қалада «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен тылдағы еңбеккерлер аянбай тер төкті. Ұрыс даласына азық-түлік өнімдері мен әскери құрал-жабдықтар жөнелтіліп отырды.

Семейден аттанған ер-азаматтарымыз яғни олар, Теряев Петр Иосифович, Николай Николаевич Силин, Тупицын Валерий Иванович т.б Мәскеуді, Ленинградты қорғауға, Волга бойындағы, Курск даласындағы шайқастарға, партизан қозғалысына, Украина, Белоруссия, Балтық бойын, Молдавияны, сондай-ақ еуропалық мемлекеттерді азат етуге, Берлинді алуға, Жапон милитаристерін талқандауға белсене қатысты. Осыған байланысты Семей қаласындағы «Көлік колледжінде» өткен іс-шараның негізгі мақсаты соғыста қатысқан, оқытушылардың, қызметкерлердің, колледж түлектерінің марапаттары туралы колледждің I-II курс студенттері қатысушыларға баяндап айтып берді.



Колледж тарихы жайлы сынып сағаттар

2019 жылдың 7 қазанында мұражай Кеңесі топ жетекшілерімен бірігіп жаңадан жиналған топтарға колледж тарихы жайлы сынып сағаттарын өткізді.

Топ жетекшілері мұражай Кеңесінің мүшелері дайындаған презентацияны пайдалана отырып, колледждің құрылу тарихы, оның келешектегі дамуы, материалдық – техникалық базаның құрылуы мен дамуы, колледждің табыстары мен жетістіктері туралы айтты.

Топ жетекшілері колледжге еңбек сіңірген оқытушылар, еңбек ардагерлері, колледж директорлары жайлы және осы адамдардың әрқайсысының оқу орнына қосқан бағалы үлестерін баяндады.

Топ жетекшілері колледждің рәміздерімен таныстырды. Бірінші курс студенттері колледждің елтаңбасы, туы, әнұранының авторлары жайлы, рәміздердің тарихын қызығушылықпен тыңдады.



Ерлік сабағы: «Колледждің бірінші директоры»

2019 жылы 18 қарашада математика кабинетінде көлік колледжінің бірінші директоры Байсейітов Әзиз Байсейітұлы туралы еске алу шарасы өтті.

Іс-шараны «Колледждің бірінші директоры - Байсейітова Азиза Байсейітұлы» кабинетінің меңгерушісі, математика пәнінің оқытушысы Балнұр Маратқызы Ғазиз колледж музейімен бірлесіп өткізді.

Іс-шараның жүргізушілері 11ТР тобының студенттері Төлеубеков Бекжан және 12СМ-к Тұрханов Мейрамбек Байсеитовтың өмірі мен қызметі туралы айтып берді.

Шараға 11СМ-к және 11ЭА-к топтарының студенттері қатысты. Олардың арасында туған колледждің тарихы туралы викторина өткізілді.



«Бір жылдан кейін, ғасырдан кейін – есте сақтаңыздар...» сыныптан тыс іс-шара

Жыл сайын көлік колледжінде Кеңес Одағының Батыры, жол-механикалық техникумының (сол кезде біздің колледж осылай аталды) түлегі Николай Николаевич Силиннің туған күніне арналған салтанатты іс-шара өткізіледі. Осы жыл да ершеленген емес. **2019 жылдың 10 желтоқсанында** сағат 14.00. колледждің акт залында атақты адам, жерлесіміз, қаланың құрметті тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, 97 жыл толуына арналған мерекелік шара өтті. Мерекеге "Жасыл шам" үйірмесінің мүшелері және жетекшісі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Байбусова Гүлшат Әлжановна жауапты болды. Салтанатты іс-шараға 13 ЭА, 11 СМ, 11 ЭВП жаңа оқы жылында оқуға түскен топтары шақырылды. Іс-шараға шақырылған қонақ ретінде Н.Н.Силиннің қызы

Э.Н.Силина қатысты. Кездесу барысында Э.Н.Силина өз естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ шақырылған қонақ - Семей қаласының облыстық тарихи - өлкетану мұражайының Әскери және Еңбек Даңқы бөлімінің меңгеруші Ж.К.Игликова сөз сөйледі. Ол Ұлы Отан соғысы майданында шайқасқан жерлес-жауынгерлер туралы айтып, мұражайда сақталған экспонаттарды көрсетті. Мұндай іс-шаралар патриотизмді, тарихи жадыны қалыптастыруға және әрбір студенттің өткен жылдардағы ерлік оқиғаларына қатыстылығын сезінуге ықпал етеді, өйткені тек жады уақыттың күшін жояды.



2018 жылдың 11 желтоқсанында Молдажанов Тұяқбай Төлеуұлына арналған шахмат турнирі өтті.

Молдажанов Тұяқбай Төлеуұлы колледжде 1970 жылдан бастап жұмыс істеді, "Жол машиналарын жөндеу", "Автомобильдерді жөндеу", "Автомобильдер теориясы" пәндерін жүргізді. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері төс белгісімен, ұзақ жылғы адал еңбегі үшін "Еңбек ардагері" медалімен марапатталған.

Жарысқа жаңа топтан 17 шахматшы қатысты. Ойын барысында жас дарындар жүлделі орындарға таласты.

Нәтижесінде орындар келесідей анықталды: 1-орын Саханов Аслан /13ТРЭ-к/, 2-орын Ремнев Владимир/11ДМ/ , 3-орын Еркебұлан Серік /12ТРЭ-к/.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Т.Т.Молдажановтың ұлы Молдажанов Талғат Тұяқбайұлы құттықтап, марапаттады.

